

Шал ақын ауданының аумағында жер телімдері үшін ақылардың базалық төлемақыларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық мәслихатының 2010 жылғы 30 маусымдағы N 26/4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 6 тамызда N 13-14-104 тіркелді

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық мәслихатының 26.01.2015 N 35/4 шешімімен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Жер Кодексінің 11-бабы 1-тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Шал ақын ауданының аумағында жер телімдері үшін ақыларының базалық төлемақыларына түзету коэффициенттері бекітілсін.
2. Осы шешім оның бірінші ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күн өткен соң іске енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
XXVI сессиясының төрағасы*

А. Байылов

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы*

Н. Дятлов

КЕЛІСІЛДІ:

*Қазақстан Республикасы
қаржы Министрлігі
Салық комитетінің
Солтүстік Қазақстан облысы
бойынша Салық Департаментінің
"Шал ақын ауданы бойынша
салық басқармасы"
мемлекеттік мекемесі
бастығының орынбасары*

С.Ө. Мұқанов

*2010 жылғы 30 маусым
"Шал ақын ауданының
жер қатынастары бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы*

Т.Ж. Бекназаров

2010 жылғы 30 маусым

Шал ақын ауданының аумағында жер телімдері үшін ақылардың базалық төлемақыларына қолданатын түзету коэффициенттері

№ р/с	Атауы	Түзету коэффициенті
1	Ауылшаруашылық тағайындау жерлері	1,2
2	Жеке тұлғаларға ұсынылған ауылшаруашылық тағайындау жерлері	1,2
3	Елді мекендердің жерлері (үй жанындағы жер телімдерін қоспағанда)	1,2
4	Елді мекеннің сыртында орналасқан өнеркәсіп жерлері	1,2